«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Акегожаева Рая Нурданқызының «Қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті (ғұрыптық рәсімдер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	«Қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті (ғұрыптық рәсімдер негізінде)» атты диссертация Ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес дайындалған: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы; 2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (ЖҒТК) 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі, Әлеуметтік және гуманитарлық

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертацияның кіріспе бөлімінде тақырыптың теориялық та, практикалық та маңыздылығы ашылып берілген. Диссертация ғылымға елеулі үлес қосады деуге толық негіз бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, тілі жатық, ғылыми стилі қалыптасқан. Академиялық жазу шеберлігі жоғары, баяндау формасы айқын. Диссертация тілінде ауызша тіл, публицистикалық стиль сияқты ғылыми стильге тән емес сөйлемдер мен сөздер кездеспейді.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттандыру үдерісі де бірге жүріп отыруы тиіс. Олай болмағанда өскелең ұрпақ жаһандық өмір сүру дағдысына көшіп, ұлттық салт-дәстүрді, қазақы болмысын ұмыта бастайды. Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика саласының пайда болуы осындай адам санасы мен оның тілі арасындағы байланысты негіздейтін құралға айналып отыр. Өйткені тіл – адамның бітім-болмысының, іс-әрекетінің, таным-түсінігінің бейнесі. Осы тұрғыдан алғанда скриптонимдердің тілдік репрезентациясын зерттеу күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе болмақ. Сонымен бірге скриптонимдердің метафоралық және метафтонимиялық даму механизмдері тұрғысынан тіл білімінде терең зерттеле бермеуі, бірнеше түркі тілімен салыстыра зерттелмеуі және лингвомәдени білімдерді тіл үйретуде меңгерту қажеттігі тақырыптың өзектілігін дәйектей түседі.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Мазмұн 6 тарауға құрылып, бөлімдер диссертация тақырыбын ашады. Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан негізделген, құрылымдық-мазмұндық жағынан үйлесімді, ғылыми пайымдары мен тұжырымдары шынайылық және дәлелділік талаптарына сай келеді. Зерттеу нәтижелері тіл білімінің лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, прагматика салалары үшін өзекті ғылыми үлес болып табылады.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Р.Н. Акегожаеваның докторлық диссертациясындағы зерттеу мақсаты тақырыпқа сәйкес дұрыс қойылған. Міндеттер осы мақсатқа сәйкес туындайды. Ал міндеттер диссертацияның мазмұнын толық ашады, жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорғауға ұсынылған тұжырымдары осы міндеттер аясында шешімін тапқан.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация 6 тараудан тұрады. Алғашқы тарауларда негізінен жұмыстың метатілі баяндалған, тақырып аясындағы сабақтас өзек ұғымдар талданған. Бесінші және алтыншы тарауда жұмыс тақырыбын ашатын негізгі мәселелер қарастырылған. Әсіресе осы соңғы екі тараудағы тақырыпшалар жүйелі берілген. Скриптонимдер 5-тарауда 3 ұрыптық рәсім (туу, үйлену, жерлеу) бойынша баяндалса, 6-тарауда скриптонимдердің жасалу механизмдері 3 семантикалық ауысу (метонимия, метафора, метафтонимия) құбылыстары бойынша талданған. Баяндауында шұбалаңқылық жоқ, нақты баяндаулар мен қысқаша мысалдар келтіре отырып, тұжырымдап отырады. Сондықтан диссертацияның барлық бөлімдерінің ішкі бірлігі логикалық байланыска құрылған деуге болады.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа	Диссертант жұмыста әртүрлі тәсілдер қолданған. Зерттеу әдістері арнайы тақырыпша ретінде кеңінен сипатталып негізделген. Ең алдымен зерттеу сипаттама әдісі арқылы баяндалады, қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы 4 тіл материалдары қарастырылғандықтан, салыстырмалы әдіс қолданылғандығы анық. Скриптонимдердің семантикалық даму нәтижесінде туындаған метонимиялық ауысулар семантикалық

		авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	реконструкция әдісі арқылы талданған. Скриптонимдерге жинақталған мысалдар нысанға алынған тілдердің Ұлттық корпустарынан да жинақталғандықтан, корпустық талдау әдісі қолданылғанын көреміз. Яғни тақырыпты ашу барысындағы дәйек ақпараттары сенімді, талдау бағыты мен әдістері өзінше.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу нәтижелері тақырыпта қойылған мақсат-міндеттерден туындайды. Скриптоним ұғымы алғаш зерттеу нысаны болып отырғандықтан, әрбір алынған нәтиже жаңа деп танылады. Диссертацияда: - Скриптоним ұғымының метатілі, параметрлері, жасалу механизмдері, прагматикалық әлеуеті ғұрыптық рәсімдер негізінде алғаш рет айқындалып отыр; - Тілдегі семантикалық даму құбылысындағы мағына ауысуының жаңа жолы ретінде «метафтонимия» тәсілі болатынын анықтап, негіздеген; - Алғаш рет қыпшақ-оғыз тобы тілдеріндегі 4 тілдің (қазақ, қарақалпақ, әзербайжан, түрік) скриптонимдерін салыстыра талдаған, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтаған; - Метонимия құбылысының скриптонимдер жасаудың, яғни скриптонимдер өрісін тудыратын тәсіл, ал метафорлардың жаңа мағыналық әлеуетті қалыптастыратын тәсіл екендігін тілдік материалдар арқылы дәйектеген.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары әрбір тараушаның соңында және ішкі шолулар барысында, сондай-ақ әр тарау бойынша жасалатын тұжырымдар тармақшасында көрініс тапқан. Мәселен, «Ғұрыптық рәсімдер мәдени жадтың пассивті көрінісі емес, этномәдени тәжірибені сақтайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, өңдеп отыратын динамикалық механизм ретінде танылады»; Скриптер тек акционалды ғана категория емес, нақты этномәдениет өкілдерінің дүниені қабылдау ерекшелігі көрініс табатын менталды құрылым деп бағалаймыз»; «Ғұрыптық рәсімдерге қатысты әрекеттердің барлығы тілдік бірлік дәрежесіне көтеріле алмайды; «Жастардың үлкендерді түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды; «Скриптонимдерді рәсімдік атаумен шектелмейтін, мәдени тәжірибені, ұжымдық жадты және ұлттық дүниетанымды тілде кодтайтын кешенді лингвомәдени бірлік ретінде анықтауға болады»; «Ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктердің барлығы қандай да бір символды-сакралдық екіншілік мағынаны репрезенттейді деп танимыз» және тағы да басқа көптеген қорытынды тұжырымдар жасап отырады.
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;**	Зерттеу жұмысының құрылымы, техникалық талаптармен сәйкестігі, мазмұны, тіл қолданысы (ғылыми стилі), сөз саптауы, қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, филология ғылымындағы ғылыми теорияларға негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, лингвистика ғылымындағы ғылыми теорияларға негізделген. Сонымен қатар қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар зерттеу барысында жасалған тілдік талдаулар мен салыстырулардан туындағандықтан, дәлелдері мен дәйектері негізді деуге болады. Әсіресе 4 тілдің материалдарын келтіруі, бұл ретте Ұлттық корпустар мен сөздіктерді пайдалануы, бұл тілдер арасындағы ортақ құбылыстарды анықтауы және ерекшеліктерін ашуы қорытындылардың негізділігін айқындай түседі.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Қорғауға ұсынылған тұжырымдар /ережелер саны 5-еу. Бұл тұжырымдар диссертациялық жұмыстың өн бойындағы талдаулар негізінде жасалған қорытындылар негізінде шығарылған негізгі тұжырымдар болып табылады. ұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер – мәдени тәжірибе мен ұжымдық жад негізінде қалыптасқан скриптонимдер жүйесін құрайтын ерекше категория; Ереже толық дәлелденген. Ереже тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Себебі, ғұрыптық рәсімдер халықтың тарихи жадына сіңген скриптонимдердің негізгі ұлттық құрылымын түзетін категория. криптонимдер ғұрыптық рәсім барысында атқарылатын әрекеттерге, рәсім қатысушыларына, рәсім атрибуттарына, олардың символдық қасиеттеріне, сондай-ақ орындалу орны мен уақыты сияқты компоненттері негізінде қалыптасады. Ереже толық дәлелденген. Ереже тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Себебі, зерттеу жұмысында скриптонимдердің метонимия тәсілі арқылы жасалатыны және скриптоним құраушы тілдік бірліктер жүйесі сөздіктерден, корпус материалдарынан алынып, символдық-сакралдық мағыналары түсіндірілген және механизмдері сұлба түрінде айшықталған. ұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдердің семантикалық дамуы метонимиялық, метафоралық және метафтонимиялық ауысу механизмдері арқылы

	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жүзеге асады. Олардың мағыналық өзгеруі халықтың мәдени тәжірибесі мен когнитивтік модельдерімен тығыз байланысты; Ереже толық дәлелденген. Ереже тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Себебі, зерттеу жұмысының 6-тарауында семантикалық ауысудың аталған тәсілдері қарастырылып, бұл құбылыс тілдік материалдармен дәйектелген. Метонимияның скриптонимдер қалыптасуының және скриптонимдер өрісін құраудың негізгі тәсілі екені, ал метафоралық ауысудың скриптонимдердің жаңа мағыналарға ие болу мүмкіндігін туғызушы тәсіл екені айқындалған. азақ, қарақалпақ, түрік және әзербайжан тілдеріндегі скриптонимдердің қалыптасуына ортақ мәдени негіздер сақталғанымен, олардың семантикалық дамуы мен қолданысында ұлттық-мәдени ерекшеліктер көрініс табады; Ереже толық дәлелденген. Ереже тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Себебі, диссертацияда барлық тақырыпшада тілдік талдаулар осы 4 тілдің материалдарына негізделіп жасалған. Ортақ көнетүркілік ұқсастықтар ретінде бірқатар скриптонимдер қатарын көрсетеді, сондай-ақ бір тілде бар ғұрыптық рәсімдердің екінші тілде мүлде жоқ не өзгеріске түскеніне дәйектер келтіреді. криптонимдер – тілде тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, белгілі бір эмоциялық, бағалауыштық және прагматикалық мағыналарды білдіретін мәдени-коннотативтік әлеуетке ие тілдік бірліктер. Ереже толық дәлелденген.

Ереже тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Себебі, скриптонимдердің прагматикалық қызметі диссертацияда әсіресе метафоралану тәсілі арқылы пайда болған жаңа мағыналы қолданыстарға қатысты жақсы талданған. Айталық, «жарысқазан» скриптонимінің қазіргі қолданыстағы жаңа мағыналарда қолданыла келе, ұмытылып бара жатқан ғұрыптық рәсімнің қазіргі қоғамда өзге мәнде болса да қайта қолданысқа еніп, сөйлеуші прагматикасын жүзеге асырудың жолы ретінде қалыптасқандығын дәлелдейді.

3	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Ізденуші диссертациялық жұмыс әдіснамасын осы тақырып аясындағы мәселелерді, тақырыптарды, әдістерді ашу барысында айқындаған. Нысанға алған 4 тілдегі скриптонимдерді зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасаған, сонымен қатар осы ғұрыптық рәсімдерді әр қырынан зерттеген, мәселен, лингвомәдени, когнитивті, аксиологиялық, семантикалық, стилистикалық (метонимия, метафора) т.б. аспектілерде зерттеген ғалымдардың барлығына дерлік сілтеме жасаған, ғалымдар еңбектерінен тұжырымдар келтірген, бағыт-бағдарларын көрсеткен. Сонымен қатар скриптоним ұғымының тіл білімінде арнайы қарастырылғандығын, оның скрипт пен сценарий ұғымдарының астастығынан туындағандығын ғалымдар еңбектеріне, тұжырымдарына сүйеніп негіздейді. Сондықтан басшылыққа алынған әдіснама диссертацияның нәтижелі жазылуына, зерттеу мақсатына жетуіне септігін тигізген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Ізденушінің диссертациялық жұмыста қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарының, қорытынды пікірлерінің жаңалық дәрежесі жоғары. Диссертацияда компьютерлік технологиялардан түрік, әзербайжан және қазақ тілінің ұлттық корпустары қолданылған, корпустық зерттеулер технологиясы негізге алынған.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияда жасалған қорытындылар әр тақырып бойынша зерттеу жүргізген ғалымдар еңбектеріне және олардың тұжырымдарына сүйеніліп және тілдік талдауларына нәтижесінде жасалған. Салыстырылған тілдердегі сөздіктер, ғылыми зерттеулер және сол тіл өкілдерімен пікір алмасулар негізінде жасалғандығын көруге болады.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Қорытынды тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғылыми әдебиет сілтемелері диссертациялық жұмыс соңында берілген.
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардан, салыстырылған қарақалпақ, қазақ, әзербайжан, түрік тілінен ғылыми әдебиеттер мен сөздіктер, Ұлттық корпустары қолданылған. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған, диссертацияда скриптонимдердің қалыптану механизмдері көрсетілген сызбалар, корпусты пайдалану мүмкіндіктері көрсетілген суреттер берілген.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс қазақ тіл білімінің когнитивті лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, прагмалингвистика, сондай-ақ басқа гуманитарлық салалар бойынша (этнография т.б) теориялық білімдерді толықтырады. Сонымен қатар бұл жұмыс когнитивтік модельдерді, яғни скрипт, сценарий, фрейм т.б. ұғымдарды осы диссертацияда қолданылған әдіспен зерттеуге жол ашады. Метонимия, метафора сияқты троптарды семантикалық дамудың нәтижесі ретінде жаңаша талдауға мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс нәтижелерін лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнография, коммуникативтік грамматика, прагматика т.б. пәндері бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізуге болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Мәселен, практикалық-әдістемелік тұрғыда диссертацияны элективтік пән ретінде жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізуге болады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде, диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Р.Н. Акегожаеванын диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.
11.	Диссертацияға ескертулер		1) 17-бетте қорғауға ұсынылатын тұжырымдар тармақшаларынан кейін бір абзац артық сипаттама беріліп кеткен; 2) 62-беттегі «Ғұрыптық рәсімге қатысты метонимиялық ауысу» сұлбасында нақты мысалдармен де берген дұрыс; 65-беттегі сұлбада да берсе не мысалмен қосымша сұлба жасаса; 3) Метафора тәсілі мысалы «жарысқазаннын» жаңа мәнде қолданылуы скриптоним бола ала ма? 4) Әдебиеттер тізімінің санмен емес, автор және әдебиет атауымен берілуі диссертация рәсімделуінің қазіргі талаптарына сәйкес келе ме?
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – 8. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда – 5 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында – 3 мақала жариялаған. Мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулармен толық сәйкеседі.

	ғылыми деңгейін зерделейді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	– Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Акегожаева Рая Нурданқызының «Қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті (ғұрыптық рәсімдер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз. Диссертациялық жұмыстың авторы Акегожаева Рая Нурданқызы Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Акегожаева Рая Нурданқызының «Қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті (ғұрыптық рәсімдер негізінде)» атты диссертациясына оң пікір бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері **Жанабекова Айман Абдильдаевна**

22. 06. 2026

Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі

(аты-жөні)
қолын куәландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі
«22» 06 2026 ж.